Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып Бүлдіршіндердің қызығушылығы нояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске Түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ - жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..

Сөздік жұмыс: тоғай, лақ, ешкі, қасқыр.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер, ойыншық жетілақ, ешкі, қасқыр.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|--|--|
| Мотивациялық- қозғаушы | Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегі ментанысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі, лақ қандай жануар? - Лақ туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер. | Балалар суретке назар аударады. - Қауіпті аңдарға жатады. - Жабайы жануар. - Үй жануарлары. - Етімен, сүтімен пайдалы. <i>Лағым-аулағым, Ерке тотай шұнағым. Ағаштарды кемірсең, Құлағыңды жұламын.</i> |
| Іздену- ұйымдастырушы | Ертегінің атын атау: «Жетілақ» Кейіпкерлерді атап таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық ойын (мимикалық) Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру. - ешкінің өтініші, - лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың алауы. Сергіту сәті: | Сөздерді қайталайды. Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді. <i>Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай жүреді, Қасқыр былай жүреді.</i> |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Қорытынды: - Балалар барлығымыз ертегіні жақсы түсіндік пе? - Қызықты болды ма? | |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!» **Мақсаты:** Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге

бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қажетекөңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.

Фланеграф арқылы қызығушылықтар мен қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндауларымен, тілбайлықтарын байыту. Мейірімді, тату-тәтті дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Өмірсүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка, домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|--|--|
| Мотивациялық- қозғаушы | Балаларға жұмбақтапсыру: «сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар» (ешкі) | |
| Іздену- ұйымдастырушы | Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіндер ме? Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу. Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергітүсеті | Балалар ертегі кейіпкерлеріна айтады. Ешкі – ақылды, жауапты. Лақтар – анасын тыңдайды, тілалғыш. Қасқыр – жаман, жыртқыш, лақтарды жегісі келеді. <i>Шөре – шөре лағым.</i> <i>Тентек болмашырағым,</i> <i>Секектеме, деміңді ал.</i> <i>Селтеңдемей құлағың.</i> |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Лақтары кіммен қалады? | Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі іжағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вриативті компонент

Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді! **Мақсаты:** Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып,

Таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу.

Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір–біріне қиын жағдайда көмектесіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: ешкімге ашпаңдар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.

Қостілдік компонент: Дыбыс – голос, темір ұста – кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась, ешкімге ашпаңдар – никому не отпирайте.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызметкезңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|---|---|
| Мотивациялық- қозғаушы | Балаларға жұмбақ жасырады: <i>Жарға шығып ойнайды, Ойыныңа бір тоймайды.</i> <i>Болса – дағы саналы,</i> <i>Секеңдеуді қоймайды.</i> -Жақсы, дұрыс шештіңдер. <i>Ақ, ақсекеңдейді лақ.</i> | Жұмбақтың шешімін табады. -Ешкі. |
| Іздену- ұйымдастырушы | Балаларға ешкі, лақтар және қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтағашығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. 3. Балаларға сөздерінашық, анық бар эмоциямен айтқызу. III Сергітүсеті | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешінің мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қайтоп көп ертегі атаса, солтоп жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту. Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі іжағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вриативті компонент

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сақналау.

Мақсаты: Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып Бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын,

Естетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать, ән айту – петь, алдау – обхитрить, күтті – дождался

Әдіс-тәсілдер: Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|---|---|
| Мотивациялық- қозғаушы | Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Алмынау кім? - Алмынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады? | Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде. |
| Іздену- ұйымдастырушы | Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде: Ұйжануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, аллақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар. - Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу. | Тәрбиеші мұқият тыңдап отырады. Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегіні сақтау. Қуанышты екенін айтып ескерту. Балаларды мақтау, бағалау. | |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вриативті компонент

Тақырыбы: «Алтынайдарлыәтеш»ертегісі».

Мақсаты: Ертегімазмұныментаныстыру. Сұрақ-жауапарқылыертегіні терең түсіндіру.

Міндеттері: а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекшісұрақтарғасүйеніп, ауызшаталдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жетекөңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.

ә) Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу.

б) Көңіл күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тануға, аяшылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. **Көрнекіліктер:**

Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы. **Сөздік**

жұмыс. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген.

| Қызметкезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|------------------------|--|---|
| Мотивациялық- қозғаушы | <p>Қонаққа Шопан ата келді, Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме? - Ертегінің жақсы көресіңдер ме? <p>Жұмбақтар жасырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ендеше «Алтынайдарлы әтеш» ертегісін тыңдаңдар. | <p>Балалар амандасады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әрине. - Иә. <p>Ертегі кейіпкерінің табады.</p> |
| Іздену- ұйымдастырушы | <ol style="list-style-type: none"> 1. Кейіпкерлер ментаныстыру. 2. Ертегіні айта бастау. Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Ертеде бір алтынайдарлы әтешпен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты. Әтешті, мысығы жоқта екі-үш рет түлкі алдап, алып кетеді. Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, әтешіналып қайтады. 2) Д/о. Кейіпкердің көңіл-күйлерін салу (мимикалық). Мысалы: Әтеш, түлкіге алданып қалды. Түлкі – қу, айлакер Мысық – пысық, өжет, қамқоршы. III. Сергітүсеті. | <p>Балалар қызығушылық білдіреді.</p> <p>Тәрбиешінің мұқияттыңдап отырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрсеткендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсыалу.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді.</p> |
| | <p style="text-align: center;">Әтеш әнге басады Әтеш ұйқы ашады.</p> | <p>Қимылмен көрсетіп, орындайды.</p> |

| | | |
|----------------------------|---|-----------------------------|
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ–жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтынайдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық. | Сұрақтарға жауаптар береді. |
|----------------------------|---|-----------------------------|

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вриативті компонент

Тақырыбы: «Жібек шашақтыса қалыбар, майға батырып алған тәрізді басы бар».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу. Балаларға сөздері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Естесақтау қабілеттерін дамыту, ескетіріу, ойлау т.б. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Әтеш, мысық, түлкі,

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|---|--|
| Мотивациялық- қозғаушы | Жұмбақ жасыру: - <i>Ерте тұрады</i> <i>Жыршақырыды.</i> - <i>Отбасында құмған, Екі</i> <i>көзін жұмған</i> | Балалармен - Әтеш. - Мысық. |
| Іздену- ұйымдастырушы | - Балалар, алтынай дарлы әтеш ертегісі естеріңде ме? Суреттерді көрсете отырады. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай? Әтеш – аңқау. Мысық – ақылды, қамқор болады. Түлкі – қу, айлакер. - Ертегі соңында кім жеңеді? - Мысық па, әлде түлкі ме? - Әтешке кім көмектеседі? 2) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу. 3) Балалардың қабілеттеріне қарай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру. | Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді. Кейіпкерлерді атайды: - Әтеш, - мысық, - түлкі. - Мысық. Қандай мінез-құлықта болатынын айтады. Ертегіден көрінісін сүзіндісін сахналайды. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ-жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Әтешкіммен қалды? | Балалар сұрақтарға жауап айтады. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Тақырыбы: «Сымбаттыәтеш».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету. Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту. Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту.

Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: Суреттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-----------------------------|--|---|
| Мотивациялық- қозғаушы | Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді. - Ол не екен? - Достар, бүгін мен сендердің топтарына, өзімнің сымбатты досым Әтеш туралы айтайын деп келдім. | Балалар қызығушылық танытады. - Тауық. Балалар тыңдап отырады. |
| Іздену- ұйымдастырушы | Балалардың естеріне алтын айдарлы Әтеш ертегісін түсіру. - Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару. - Мысық қандай? - Әтеш қандай? - Түлкі қандай аң? - Қоян қандай? Түлкінің есту, иіссезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі- әлсіз. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру. | - Мысық, түлкі, Әтеш. - Мысық ақылды. - Әтеш- аңқау, ақымақтау - Түлкі- ку, айлакер. - Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді. Кейіпкерлерді атайды. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. |
| Рефлексивті- коррекциялаушы | Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Диалог бойынша орындайды.

Түсінеді: Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі.

Қолданады: Суреттер театры арқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау. **Мақсаттары:**

а)Ертегітуралытүсініктерінбекітеотырыпсахналау. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау.

Ойлауқабілетіндамыту,сөздікқорынмолайту,өзбетіншежұмысжасау дағдысын дамыту.

ә)Кейіпкерлератрибуттарыарқылыіс-әрекеттерін,көңіл-күйәсерінбілдіре отырып, сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау.

Ұқыптылыққа,мейірімділікке,шеберлеккебаулу,эстетикалықталғамын арттыру.

б)Кейіпкерлердіңжандүниесінтүсінебілуге,оныашыпкөрсетебілуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:Көрсету,тамашалау,сұрақ–жауап,түсіндіру,әңгімелеу.

Көрнекіліктер:Сахна,кейіпкерлератрибуттары.

| Қызметкезеңдері | Тәрбиешініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|----------------------------|--|--|
| Мотивациялық- қозғаушы | Сабақабір-бірденертегі атрибуттарыкіріптаныстырылады. - Балаларбұл кім? - Алмынаукім? - Балаларбұлкейіпкерлер қандай ертегілерде ойнайды? | - Мысық. Балалар барлық кейіпкерлератайды. - «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде. |
| Іздену- ұйымдастырушы | Балалардың естеріне «Алтын айдарлыәтеш»ертегісінтүсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласың, әтеш – ақылсызсенгішболасың,алтүлкі сен – қу, жаман боласың дейміз. Қалғанбалалардыкөрермендер ретіндетамашалауғаотырғызу. Балаларға сөздердіанық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлератрибуттарынқарсы алғызу. | Таңдалған кейіпкерлер - мысық,әтеш,жәнетүлкіні тақтаға шығады. Балалардыширмажанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сұрақ–жауапарқылыертегі сабағын аяқтау. -Ертегіқалайаяқталды? Балалардымадақтау,бағалау. | Сұрақтарғажауапбереді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегінітыңдап,мазмұнынбаяндайды.

Түсінеді:Ұжымдықжұмыстыңдағдылары.

Қолданады:Ертегідегіжағымды,жағымсызкейіпкердіажыратады.

Тақырыбы:Ертегілерәлемінесаяхат.

Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балалардықоршаған ортаментаныстыруойлауқабілеттерінарттыру, тілдеріндамыту,ертегініңқалайбасталып,қалайаяқталатыныжайлы ұғымынбекіту,естесактау,жәнеқайтаайтыпбереалудағдыларынаүйрету.

Әдіс –тәсілдері: Көрсету, сұрақ – жауап,, түсіндіру, әңгімелеу. **Көрнекілік:** Ертегі кітаптарды «Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегікөрінісіарқылыәңгімелепберу,ғажайыпорманкөрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

| Қызметкезеңдері | Тәрбиешініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|-----------------------|--|--|
| Мотивациялық-қозғаушы | <p>«Ерте,ерте,ертеде»әуені.</p> <p>- Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне»барғыларыңкелеме? – Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз».</p> <p>Тосынсәт:ҚызылТелпеккеледі.</p> <p>- Ертегітындағандыжақсы көресіңдер ме?</p> | <p>Балалар жәйлап кіреді.</p> <p>Музыкааяқталғаннанкейін қонақтармен сәлемдеседі.</p> <p>- Иә.</p> <p>- Сәлеметсізбе!</p> <p>Ұнайды,жақсыкөреміз.</p> |
| Іздену- ұйымдастырушы | <p>Ертегілерертегілерәлемінебарар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнешесудан,үңгірлерденөтуге тура келеді.</p> <p>Үстелүстіндеертегікітаптар, нешетүрліертегілердіңмазмұны бейнеленгенширмаларқойылған суреттер.</p> <p>- Қандайертегілер?</p> <p>- Балалар, қараңдаршы, сендердің«Ертегілерәлеміне» келгендеріңіздібіліп,қоянкүтіп отыр екен.</p> <p>- Кімбізгеқоянтуралы тақпақ айтып береді?</p> <p>Балалар енді екінші ертегіге келе жатып,бірүңгіргетапболды,осы үңгірден бір бірлеп отейік. Ал, мынау қай ертегі?</p> <p>- Балалар,бұлертегініде айтады?</p> <p>- Енділактуралытақпақты кім айтады?</p> <p>- Ендіғажайып орманғабарып,құстармен танысамыз, деді.</p> <p>Сергітусәті:<i>збоп ұшайықТоргайболып қонайық Сауысқанболыпсекіріп,</i></p> | <p>Балалар жолға шығады.</p> <p>Ертегікітапханасынакеледі.</p> <p>- Ол «Бауырсақ», «Үш аю»,«Үйшік»ертегілері.</p> <p>Балалар кітапханадан шығып,ертегілерәлемінің бірінші «Қоянның үйі» ертегісіне келеді.</p> <p>Балаларертегінің кейіпкерлерінатапбереді.</p> <p>- «Жетідақ» Шөре- шөре лағым Тентекболмашырағым Секеңдеме, деміңді ал Селтеңдемей құлағың</p> <p>Балаларкележатып суға кездеседі.</p> <p>Судыңкөпіріненеңбектеп</p> |

| | | |
|----------------------------|--|---|
| | <p><i>Тоқылдақ болып шоқиық.</i> Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалармынау қандай ертегі? - Балалар аяқалай жүреді? - Ой, балалар, бізнағыз «ертегілер әлеміне» келдік. <p>- Бәріміз отырып қол соғайық. «Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры.</p> | <p>өтіп.</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Үшаю». <p>Балалар Машаны, аюларды танып көрсетеді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қорбаңдап (балалар жүрісін салады) |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне» саяхат жасау ұнады ма? Онда қандай ертегілер көрдіңдер? <p>Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.</p> | <ul style="list-style-type: none"> - «Жетілақ», «Шалқан», «Үшаю», «Үйшік», т.б. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Вриативті компонент

Тақырыбы:Ертегі елі жер мен келе жатыр.

Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Әдіс-тәсілдері:сұрақ–

жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.

Көрнекілік: қуыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|--|--|
| Мотивациялық- қозғаушы | Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхат қабарамыз.» - қоян, түлкі, қасқыр кездеседі. - Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіңдер? | Балалардың қызықтыру. - Ия - Жолда - Түлкі, қоян, қасқыр - Жетілақпен қасқыр, Түлкімен қоян, Бауырсақ. |
| Іздену- ұйымдастырушы | Аленді балалар, кім айтады - Түлкі қандай? - Түлкі сияқты алдаушы болғыларың келе ме? - Қоян ше? - Қоян сияқты мейірімді, жаманды қойламайтын боламыз. - Ал қасқыр ше? - Қане, маған «Жетілақпен қасқыр» ертегісіндегі жағымды өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді атаңдаршы. - Ешкі сендерге неге ұнады? | - Түлкі – айлакер, қу, әнші, пысық. - Жоқ. - Қоян қорқақ, мейірімді, мақтаншақ. - Қасқыр – айбынды, жыртқыш өте иіс сезгіш, ол өз көсемдеріне адал. - Олешкі және лақтар - Ол лақрын жақсы көреді, сүт береді, ақылын айтады. |
| Рефлексивті-коррекциялаушы | Сабақ соңында балалардың жұмысына қорытынды жасайды. - Лақтар қандай? - Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар? - Олар кімдер? - Қасқырды неге жаман деп ойлайсыңдар? Ойын «Қасқыр менаю». | - Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды. - Қасқыр. - Ол лақтарды жегісі келді. - Қасқыр зұлымдық жасағысы келді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.

Қолданады:Ертегідегі жағымды,жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

"Бәйшешек" бөбекжайы

Вариативтік компонент бойынша
оқу қызметінің жоспары

"Ойнайық та, ойлайық"

Ортаңғы "Балапан" тобы





Бекітемін
«Бәйшешек» бөбекжайының
менгерушісі:
А.Е.Тургунбекова

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
оқу қызметінің перспективалық жоспары

| Күні | Тақырыбы | Сағат |
|------|------------------------------------|--------------------------|
| | «Ойнайықта-ойлайық» | 1 01.09 |
| | «Қандай фигура жетіспейді» | 1 15.09 |
| | «Не өзгерді» | 1 29.09 / 6.10 |
| | «Қашқан сандар» | 1 20.10 |
| | «Ұқсасын тап» | 1 3.11 |
| | «Өз үйінді тап» | 1 17.11 |
| | «Қапшықтан неше ойыншық алдың» | 1 8.12 |
| | «Ойлан тап» | 1 22.12 |
| | «Көп , аз, артық, сонша теңестіру» | 1 5.01 |
| | «Сиқырлы пішіндер» | 1 19.01 |
| | «Санның көршісін ата» | 1 2.02 |
| | «Нүктелерді қос» | 1 16.02 |
| | «Ойлана білген адаспас» | 1 2.03 |
| | «Кеністікті бағдарлай білейік» | 1 16.03 |
| | «Ойлан тап» | 1 6.04 |
| | «Шарларды салыстыр» | 1 20.04 |
| | «Ұқсасын тап» | 1 4.05 |
| | «Қандай пішін жетіспейді» | 1 18.05 |
| | | Барлығы: 18 сағат |

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 01.09 /
№1

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: «Ойнайықта-ойлайық»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы жетілдіру және жеке тұлғаны қалыптастыру

Сөздік жұмыс: Фигура

Көрнекіліктер: Геометриялық фигуралар

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар енді бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.

Оқу қызметінің барысы:

-Міне, балалар, сендер, тату –тәтті дос екендеріңді білдіріп, бір-біріне жүрек жылуларыңды беріп, жақсы тілектер айттыңдар. Балалар, есікті біреу қағып тұрған сияқты. Бұл кім екен?

Буратино: Қалайсыңдар, балалар? Мен ертегілер елінен келе жатырмын, мені таныдыңдар ма?

Балалар, мен сендерге қызықты ойындар әкелдім. Балалар Буратиноның тапсырмасын орындаймыз ба?

Енді ене дидактикалық ойынды бастайық.

«Ұқсасын тап»

Буратино балаларға зат көрсетеді, балалар алдындағы геометриялық фигураларды көрсетеді, Мысалы: Тәрбиеші балаларға кітап көрсетеді, балалар алдарындағы геометриялық фигуралар ішінен тіктөртбұрышты көрсетеді. Ойынның мақсаты-балалардың естерінде геометриялық фигураларды қалыптастыру

Қорытынды:

Ойынды қорытындылау. Қандай фигураларды тауып үйренгендерін сұрау

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Балалар геометриялық фигураларды біледі

Меңгеруі: Балалар ойынның мақсатын меңгереді

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 16.09

№2

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Қандай фигура жетіспейді?

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерін ажыратуға, оларға ұқсас заттарды таба білуге үйрету, ой - қиялын дамыту

Сөздік жұмыс: асық

Көрнекіліктер: Геометриялық пішіндер, суреттер

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді, төрт түрлі шар әкеліп көрсету. Түстеріне қарай тілек айтқызады.

Оқу қызметінің барысы:

Жыл мезгілдеріне сипаттама жасату. Балалар мынау қандай шар, түсі қандай, қандай пішінге ұқсайды. Қай жыл мезгілін білдіреді. Жасыл түс көктемнің, жасыл шөптер мен жапырақтардың түсі, қызыл шар ше?

Жаз мезгілін білдіреді, жазда жер бетін қызыл гүлдер жабады. дөңгелекке ұқсайды

Ақ түсті шар ше? Қыс мезгілін білдіреді.

Сары шар күз мезгілін білдіреді. Дұрыс айтасындар.

Қазір бізде қай мезгіл?

Күздің неше айы бар?

Атап беріңдерші?

Тапсырма: Қандай фигура жетіспейді?

Тақтада бірнеше фигуралар ілулі тұрады, олардың атауларын сұрау. Бір бала тақтаға шығады теріс қарап тұрады. Бір екі пішінді алып қояды. Қандай пішін алынғанын табу керек.

Сергіту сәті:

«Он саусақ»

2. тапсырма: Қағазға қарындашпен пішіндерден бейнелер салу.

Дидактикалық ойын «Ғажайып дорба»

Шарты.: Дорбада асықтар нөмірленген (1,2,3,4) бала асықты алып тақтадағы қай пішінде сол сан жазылғанын табады.

Қорытынды:

Балалардан оқу іс-әрекеті туралы сұрау. Пішіндер мен денелерді сұрап білімдерін тиянақтау

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Геометриялық пішіндер мен денелерді біледі.

Меңгеруі: Пішіндердің айырмашылығын, ұқсас заттарды таба білуін, бір-біріне көмектесе білуді меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 29-09 / 6-10 №4

Білім беру беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Не өзгерді?

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін бекіту, ойын арқылы оларды ажырата білуге үйрету.

Сөздік жұмыс: теледидар

Көрнекіліктер: Геометриялық пішіндер мен денелер заттар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Жылы лебіздер

-Балалар айтқан тілектерің қабыл болсын.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Бір аптада неше күн бар?

Оқу қызметінің барысы:

Балабақшаға аптасына неше күн келеміз?

Біз балабақшада қандай пішіндер мен денелерді танып үйрендік. (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш т.б)

Бұл фигуралар бізге бұрыннан таныс екен. «Көшеде жүру ережесі» туралы әңгіме болады. Көше қиылысында жолаушылар мен көліктердің жүрісін реттеп тұратын не?

Оның неше көзі бар?

Түстері қандай?

Көздері неге ұқсайды?

Яғни бұл пішінді біз қалай атаймыз?

Көшедегі жолдарды салыстыру. (ұзын-қысқа, тар-кең) т.б.

Әр пішінге жеке-жеке сипаттама беру.

Шуак шашқан күнге ұқсаймын көбірек, менің атым (дөңгелек)

Барлық шатыр ұқсайды тек өзіме, бірден білер құлақ асқан сөзіме (үшбұрыш)

Теледидар таныс екен баршаға, ал пішінім ұқсайды ғой шаршыға (шаршы)

Сергіту жаттығуы:

«Бала, бала балапан» әні

Дидактикалық ойын:

«Не өзгерді» Тақтаға 4-5 геометриялық фигураны қойып, балаларға олардың орналасу ретін мұқият, қарап есте сақтауды ұсыну.

«Көздеріңді жұм дегенде» балалар көздерін жұмады. Балалар көздерін жұмғанда бір-бірінің орнын дереу ауыстырады. Не өзгерді деп сұрайды. Балалар қандай фигура жоқ немесе қайсының орны ауысқанын соны табады. 2. Ғажайып дорба

Қорытынды:

Балалар біз бүгін қандай пішіндерді қайталадық? Пішіндер туралы не білеміз? Сұрақтар қою арқылы алған білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Геометриялық пішіндер мен денелерді біледі.

Меңгеруі: Оларға ұқсас заттарды таба білуді меңгереді.

**Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Күні: 2.10

№7

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Қашқан сандар

Мақсаты: Балалардың қызықты ойындарды елестету арқылы қиял болжамдарын дамыту

Сөздік жұмыс: кейіпкер

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлері, сандар, тапсырма.

Ұйымдастыру кезеңі:

«Жылы лебіздер» айтқызады.

-Балалар айтқан тілектерің қабыл болсын!

Оқу қызметінің барысы:

-Балалар бізге қонаққа тұлкі келіпті.

Оның қолында сиқырлы қапшығы бар екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті. Маған мына тапсырмаларды орындауға көмектесіңдерші?

Өйткені менің сандарым қашып кетті. Балалар тұлкіге көмектесеміз бе?

Тұлкіге сандарды санауға үйретейікші.

1-ден 10-ға дейін тура және кері сана. 2,4,6,8 сандарының көршісін тап ,есептер шығар. Карточкалардағы есептерді шығару. Балалармен логикалық есептер орындау

1. Табакта үш алма

Қолымда екі алма

Болады барлығы неше алма?

Тұлкінің ойыны:

«Байқағыш»

Тұлкіде қанша құлақ бар?

Тұлкіде қанша аяқ бар?

Тұлкінің құлағы ұзынба, аяғы ұзын ба?

Жарайсындар балалар.

Қорытынды:

Балаларға оқу іс-әрекеті туралы сұрақтар қояды.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 3.11

№8

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Ұқсасын тап

Мақсаты: Балалардың математикалық ұғымдарын қалыптастыру,
геометриялық фигураларды ажырата білуге үйрету

Сөздік жұмыс: бау - бақша

Көрнекіліктер: Әр түрлі заттар, пішіндер

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Балалар бір-біріне жылы тілектерін айтады.

Қонаққа қоян келеді.

Балалармен амандасып өзінің келген жұмысын айтады.

Оқу қызметінің барысы:

Сәлеметсіңдерме балалар?

Сәлеметсіңбе қоян?

Бұнда қайдан жүрсің?

Мен мына жемістер мен көкөністерді бау-бақшадан жинап сендерге әкелдім.

Бұларда көп дәрумендер бар ғой сендерге пайдасы тиіп қалар.

Әрине рахмет.

Мен бірақ осы жемістер мен көкөністердің көлемін ажырата алмай тұрмын маған көмектесіңдерші.

Алма үлкен екен, қандай пішінге ұқсайды?

Қауын- сопақша пішінге ұқсайды. Бәрін талдап шығады. Рахмет балалар сендерге қоян біздің балалардан үйреніп ал, пішіндерді білмейді екенсің.

Балалар мына пішіндерді атап берейік.

Сергіту сәті.

1,2,3 бойға жинап күш жалқаулықты тастаймыз қолға-қолын ұстаймыз.

Дидактикалық ойын.

«Ұқсасын тап»

Заттарды көрсетеді.

Соған ұқсас геометриялық фигураларды табады.

Дидактикалық ойын

«Артық пішінді тап»

Кеңістікті бағдарлау

Пішіндерді кеңістікте орналастыру:

Оң жақ жоғарыға – үшбұрыш,

Сол жақ төменге – төртбұрыш,

Сол жақ жоғарыға – сопақша,

Ортасына тіктөртбұрыш.

Қоян балалармен қызыға ойнап,

коштасып кетеді.

Қорытынды:

Балалардан ойын атқылы өтілген оқу іс-әрекеті туралы сұрап, сұрақтар қоя отырып қорытынды жасау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Геометриялық пішіндерді, денелерді ажырата біледі.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 17.11

№11

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Өз үйіңді тап

Мақсаты: Балаларды қай жерде тұр? деген сұраққа дұрыс жауап беруге, кеңістік қатынастарын анықтауға үйрету

Сөздік жұмыс: Биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақ-сол жақ

Көрнекіліктер: Ағаштар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Төрт түрлі геометриялық пішінді көрсету

Оқу қызметінің барысы:

Түстеріне қарай жыл мезгілдеріне сипаттама жасату.

-Балалар мынау қандай геометриялық пішіннің түсі қандай жыл мезгіліне ұқсайды, қай жыл мезгілін білдіреді? Жасыл түс -көктемнің. Қызыл текше ше-ол жаз мезгілін білдіреді. жазда күн ысыды. Сары түсті текше ше? –күз

Ақ түсті текше ше? Қыс мезгілін білдіреді.

Дидактикалық ойын:

Бұл ойын биік- аласа, үлкен-кіші, оң жақта-сол жақта деген ұғымдарға жаттықтыру мақсатын көздейді. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп әр топтың ойнайтын орнын немесе «үйін» тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсету. Бір топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы деп белгіленеді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. (тез табады)? Ойын 2 рет қайталанады.

Қорытынды:

Балалардан оқу іс-әрекеті туралы сұрау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Биік-аласа, сол жақта, оң жақта деген ұғымдарды біледі.

Меңгеруі: Заттардың кеңістіктегі орны туралы түсінікті сол жақта, оң жақта ұғымдарын меңгереді.

**Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Күні: 22.12

№13

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Ойлан тап

Мақсаты: Балаларды логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы есте сақтау қабілетін дамыту

Сөздік жұмыс: шытырман

Көрнекіліктер: Суреттер, ойыншықтар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Жылы лебіздер

-Бүгін аптаның қай күні?

-Бір аптада неше күн бар?

-Бір жылда неше ай бар?

Оқу қызметінің барысы:

-Балалар енді өткен іс –әрекетте үйренгенімізді еске түсірейік.

-Жарайсың, Айша 10-ға дейін мүдірмей тез, дұрыс санадың.

Балалар енді сурет арқылы шешу.

Бір ағаштың артынла екі түлкінің құйрығы, 4 қоянның құлағы көрінеді.

Айтыңдаршы, балалар, мына жерде неше аң бар?

Төрт қаз ұшып барады, биіктен

Төмен қарады, аяқ нешеу, бас нешеу жауабын кім табады?

Ал енді балалар, сөз тапқырлығымен ойын ойнап көрейік. Жол ұзынба, Қол ұзынба?

Алма үлкен бе,

Түйме үлкен бе?

Жарайсыңдар балалар?

-Енді балалар, бойымызды сергітіп алайық.

Ойын ретінде логикалық

есептер шығару

Қонжық екеу, табаны нешеу? (8)

Алма ағашында 6 алма өсіп тұрды. Жел соғып біреуі үзіліп түсті.

Қанша алма қалды?

Қорытынды:

Ойында қандай тапсырмалар орындағандарын сұрайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Балалар логикалық есептер шығаруды біледі.

Меңгеруі: Балалар есте сақтау қабілеттерін меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 5.01

№15

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Көп, аз, артық, кем, сонша теңестіру

Мақсаты: Артық, кем, тең қатынастарын қоя білу, заттарды санау дағдыларын жетілдіру.

Сөздік жұмыс: Артық, кем, тең.

Көрнекіліктер: Суреттер, ойыншықтар

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар ойыншықтар дүкеніне барғыларың келеме? Қане, онда не бар екенін көрейік.

Оқу қызметінің барысы:

Ойыншықтар сөресіне қараңдар. Сол жақтағы және оң жақтағы ойыншықтарды салыстырыңдар. Не көп? Не аз? Не артық? Не кем? Қалай теңестіруге болады? Артық ойыншықтың бар жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптап сызық жүргіземіз.

-олар тең болу үшін не істеу керек?

-Дұрыс бір жағынан артық ойыншықты алу керек немесе жетпей тұрған ойыншықты қою керек.

-Сол жақта неше ойыншық барын санаймыз. Ойыншықтарды қолымен ұстап, дауыстап санату.

4 ойыншық болды.

4 цифры жазылған карточканы қоямыз. Аюларды санаймыз. Олар неше? (3)

-не артық? Не кем? «>» таңбасын қоюға болады, 4-тің 3-тен артық екенін білдіреді. $4 > 3$

Біз керісінше $3 < 4$ деп те айта аламыз.

Қорытынды:

Іс-әрекет соңында балаларды мадақтап, олардың жұмысын ауызша бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Сандарды салыстыру, теңестіруге болатынын біледі.

Менгеруі: Өзара мәндес сәйкестік қою, санды кесінді арқылы заттар санын салыстыруды менгереді.

**Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Күні: 19 01

№17

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Сикырлы пішіндер

Мақсаты: Геометриялық фигуралар, төртбұрыш, шаршы және тіктөртбұрыш, сопақша пішіндерінің айырмашылығын үйрету

Сөздік жұмыс: Пішіндер.

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті пішіндер

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

-Балалар бойында тұрып, бір-бірімізге жылы лебіз білдірейік.

-Мына суретте нені көріп тұрсындар?

Оқу қызметінің барысы:

Балаларды өткен сабақтағы танысқан пішіндерді сұрау. Соған сәйкес келетін заттарды табу. Жұмысты «Жасырынбақ» ойыны түрінде ұйымдастыруға болады. Содан кейін суреттерді талдауға шақыру.

-Олар қандай пішіндерден құралған?

-Бұл заттар қалай аталады? Оларға ортақ атау (көліктер) беруге бола ма?

«Ұқсасын тап» Тәрбиеші балаларға зат көрсетеді, балалар алдындағы геометриялық фигураларды көрсетеді, мысалы: тәрбиеші балаларға кітап көрсетеді.

Балалар алдарындағы геометриялық фигуралар ішінен тік төртбұрышты көрсетеді. Ойынның мақсаты балалардың естерінде геометриялық фигураны қалыптастыру.

Қорытынды:

Содан соң балалардың ойындарда не үйренгендерін сұрау.

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқу қызметінің барысы:

Қорытынды:

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Тіктөртбұрыш, шаршы, сопақша пішіндерді біледі.

Меңгеруі: Заттар мен фигураларды үш белгісі – түсі, пішіні мен көлемін меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 2.02

№18

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Санның көршісін тап

Мақсаты: Сандар туралы ұғымын кеңейту. 1-10 ға дейінгі сандарды ажырата білуге, салыстыра білуге үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту

Сөздік жұмыс: мезет

Көрнекіліктер: сандар, суреттер, ертегілер кейіпкерлері

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Балалар бір-біріне жақсы тілектер мен жылы лебіздерін білдіреді.

1 ден 10 ға дейінгі сандарды қайталату.

Оқу қызметінің барысы:

Кестеден 1-10 ға дейін тура және кері қарай санату.

Ойланайық бір мезет

Абайлайық қарайық

Санды енді тізбектеп

Тура қарай санайық

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

Ойланайық бір мезет

Абайлайық қарайық

Санды енді тізбектеп

Кері қарай санайық

10,9,8,7,6,5,4,3,2,1

Ертегілер әлемінде деген тақырыпта әңгімелеп, ертегілерді естеріне түсіру, «бес ешкі»
«жеті лақ», «қасқыр мен қоян», «үш аю» т.б.

Осы ертегілердің кейіпкерлерін санату;

Неше лақ бар?

-жеті

Неше аю бар?

-үш

Осы ертегілерде жан-жануарлардың дене мүшелерін, мінез-құлықтарын, санын салыстыру.

Дидактикалық ойын:

«Санның көршісін тап»

Шарты: Балалардың қолдарына сан таңбасы жазылған карточкалар таратылады. Бір бала ортаға шығып өз санын көрсетеді. Қалған балалар көрсеткен санның көршілерін табады.

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ

Қосын едім екеуін

Шыға келді он саусақ

Жеке тапсырмалар беріледі. Сандарды салыстыруға байланысты

$4 > 3$, $8 < 10$, $7 > 4$, $5 = 5$, $9 < 10$ т.б.

Қорытынды:

Сұрақтар қою арқылы оқу іс-әрекетіне қорытынды жасау

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Сандарды ажырата біледі

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 16.02

№21

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Нүктелерді қос

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді нүктелер арқылы табуды үйрету, зейіндерін дамыту

Сөздік жұмыс: нүкте, зымыран

Корнекіліктер: Суреттер, үлестірмелі материалдар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Жылы лебіздер.

-Бүгін аптаның қай күні?

Бір аптада неше күн бар?

Бір жылда неше ай бар?

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, біз бүгін «Әлемде талай қызық бар» деп аталатын қызықты ойын сабағын өтеміз. Неліктен бұл сабақ «Әлемде талай қызық бар» деп аталады. Балалар мен сендерге қазір жұмбақ оқимын, ал, сендер мұқият тыңдап, шешуін айтасындар.

Түнде бәрі қашады

Түнде аспанды басады.

Таңмен көзін ашады

Әлемге нұрын шашады

Ұшады қанатсыз

Зырлайды аяқсыз

Балалар жұмбақты дұрыс шештіңдер. Енді ойын ойнайық.

Ойын: «Нүктелерді қос» деп аталады. Нүктелерді қосып едік не шықты?

-зымыран

-кім айтады зымыран қандай геометриялық пішіндерден тұрады?

Қорытынды:

Зымыранның қандай пішіндерден құралғанын сұрайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Нүктелерді қосу арқылы бір зат пайда болатынын біледі.

Меңгеруі: Зымыранның қандай геометриялық пішіндерден тұратынын меңгерді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 2.03

№26

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Ойлана білген адаспас

Мақсаты: Балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын
қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру

Сөздік жұмыс: вагон, жұптап

Көрнекіліктер: Суреттер, сандар кестесі, пішіндер

Ұйымдастыру кезеңі:

Пойызбен саяхатқа шығуды ұсынады. Өзімізге ұнаған қалаларымызға
барайық. Бірақ мына пойыздың вагондары шашырап кетіпті.

Оқу қызметінің барысы:

Оны ретімен қойып шығайықшы.

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

Вагондарды ретімен қояды. Осы вагондардағы суреттер әр пішінді көрсетіп тұр. - Қане,
айтындаршы қандай пішіндерді көрсетеді?



-Балалар біз «Сиқырлы математика»

Еліне келдік. Бізге мұнда кіру үшін мына тапсырмаларды орындау керек.

Артық пішінді тап?

Ұзындығы бірдей заттарды жұптап қою

Үшбұрыштағы мысықтың саны қанша?

Кеңістіктегі көкөністерді дұрыс орналастыр.

«Сандарды көрсет»

Балалар біз тапсырмаларды дұрыс орындадық енді бұл елге кіреміз. Қане сергіп
алайықшы.

1,2,3. ал қанекей үш

4,5,6,7 анау ауыл шеті

8,9,10 ал қанекей қон

Енді біз балалар жеке карточкалармен жұмыс істейміз.

+, -, = таңбалаларын пайдаланып есептер шығарамыз

Қорытынды:

Қорытынды:

Ал балалар біз қайта вагондарымызға отырып бақшамызға қайтайық.

Біз қандай жерлерге бардық?

Не істедік?

Сендерге ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Математикалық ұғымдарды біледі.

Меңгеруі: Ойлана отырып жауап бере алады.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

№27

Күні: 16.03

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Кеңістікті бағдарлай білейік

Мақсаты: Балаларды «Қай жерде тұр» ? деген сұраққа дұрыс жауап беруге үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту

Сөздік жұмыс: үстінде, астында, сол жақта, оң жақта

Көрнекіліктер: Суреттер

Ұйымдастыру кезеңі:

Балаларға кітап сөрелерін реттеуді ұсынады. Шашылып жатқан ойыншықтарды үлгідегідей етіп орналастырып, әр заттың қай жерде орналасқанын суреттеп беру керек.

Оқу қызметінің барысы:

-Кәне доп қай жерде тұруы тиіс, қолмен көрсетіп берші?

- Сөредегі мына орынды қалай атаймыз?

- Ол ненің қасында тұр? Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр?

Тағы басқа сұрақтар қою арқылы балаларды заттардың орналасқан орнын әртүрлі сөздермен сипаттауға жетелеу.

Содан соң «Жасырынбақ» ойынын ойнауды ұсыну . Заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтамыз. Қалған балалар оның қандай зат екенін табады.

-Жоғарыда ,төменде, арасында орналасқан заттар.

Қорытынды:

Заттың қай жерде тұрғанын айту үшін қандай сөздерді пайдаланғанын сұрайды. Ойыннан соң оқу құралдарын мұқият жинап қою керектігін түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Заттың кеңістіктегі орны туралы біледі.

Меңгеруі: «Қай жерде тұр?» деген сұраққа жауап беру үшін, жоғарыда, төменде, сол жақта, оң жақта, ортасында деген сөздерді пайдалану керектігін меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

№31

Күні: 20.04

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Шарларды салыстыр

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінділігін арттыру

Сөздік жұмыс: шұғылалы, дос - жаран

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті шарлар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Армысыз қайырымды-аспан ата

Армысыз мейірімді жер-ана

Армысыз шұғылалы нұрлы-күн

Армысыз балабақша дос-жаран

Оқу қызметінің барысы:

- Рахмет балалар!

Бүгінгі есеп сабағы басқа сабақтан ерекше болмақ дегенде музыка әуенінің сүйемелдеуімен топқа түрлі-түсті шар әкелінеді.

Балалар, міне керемет сендер не байқап тұрсындар?

Мынау не?

Қызыл, сары, көк түсті

Шарларымыз көп, тіпті

Қане қайсысын таңдайсың ?

Түсін біліп алғайсың

-Балалар шарлардың түсі қандай?

-Қызыл, сары, көк, жасыл

-Жарайсындар, байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы шарлар.

Балалар бұл шарларды салыстырайық.

-Қызыл шар үлкен

-Сары шар орташа

-Көк шар кішірек

-Жасыл шар кішкентай

Балалар шарлар қай жерде тұр?

-Жоғарыда

-Біз оны қалай алсақ болады екен?

-Білмейміз?

-Балалар маған бір ой келіп тұр.

Мүмкін сиқырлы санамақтар айтып көрсек қайтеді.

Музыка әуенімен санамақ айтады.

Шарлар төмен түседі. Біздің сиқырлы шарларымызбен бірге ғажайып тапсырмалар келген екен.

Әр шардағы тапсырмаларды орындатады. Есеп амалдарын шығартады.

Қорытынды:

Шарларда қандай тапсырмалар болғанын, қалай орындағандарын сұрап қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Шарларды көрсетілген белгілері бойынша салыстырды.

Меңгеруі: Заттарды екі белгісі –түсі мен өлшемі бойынша салыстыруды меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық" ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 4.08

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Қандай фигура жетіспейді? / Ұқсастықтар мен

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерін ажыратуға, оларға ұқсас заттарды таба білуге үйрету, ой - қиялын дамыту

Сөздік жұмыс: асық

Көрнекіліктер: Геометриялық пішіндер, суреттер

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді, төрт түрлі шар әкеліп көрсету. Түстеріне қарай тілек айтқызады.

Оқу қызметінің барысы:

Жыл мезгілдеріне сипаттама жасату. Балалар мынау қандай шар, түсі қандай, қандай пішінге ұқсайды. Қай жыл мезгілін білдіреді. Жасыл түс көктемнің, жасыл шөптер мен жапырақтардың түсі, қызыл шар ше?

Жаз мезгілін білдіреді, жазда жер бетін қызыл гүлдер жабады. дөңгелекке ұқсайды

Ақ түсті шар ше? Қыс мезгілін білдіреді.

Сары шар күз мезгілін білдіреді. Дұрыс айтасыңдар.

Қазір бізде қай мезгіл?

Күздің неше айы бар?

Атап беріндерші?

Тапсырма: Қандай фигура жетіспейді?

Тақтада бірнеше фигуралар ілулі тұрады, олардың атауларын сұрау. Бір бала тақтаға шығады теріс қарап тұрады. Бір екі пішінді алып қояды. Қандай пішін алынғанын табу керек.

Сергіту сәті:

«Он саусақ»

2. тапсырма: Қағазға қарындашпен пішіндерден бейнелер салу.

Дидактикалық ойын «Ғажайып дорба»

Шарты.: Дорбада асықтар нөмірленген (1,2,3,4) бала асықты алып тақтадағы қай пішінде сол сан жазылғанын табады.

Қорытынды:

Балалардан оқу іс-әрекеті туралы сұрау. Пішіндер мен денелерді сұрап білімдерін тиянақтау

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Геометриялық пішіндер мен денелерді біледі.

Меңгеруі: Пішіндердің айырмашылығын, ұқсас заттарды таба білуін, бір-біріне көмектесе білуді меңгереді.

Вариативтік компонент бойынша "Ойнайық та, ойлайық"
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары
Күні: 18 05

Білім беру облысы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: Қандай пішін жетіспейді?

Мақсаты: Геометриялық фигуралар, төртбұрыш, шаршы және тіктөртбұрыш, сопақша пішіндерінің айырмашылығын үйрету

Сөздік жұмыс: Пішіндер.

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті пішіндер

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

-Балалар бойында тұрып, бір-бірімізге жылы лебіз білдірейік.

-Мына суретте нені көріп тұрсындар?

Оқу қызметінің барысы:

Балаларды өткен сабақтағы танысқан пішіндерді сұрау. Соған сәйкес келетін заттарды табу. Жұмысты «Жасырынбақ» ойыны түрінде ұйымдастыруға болады. Содан кейін суреттерді талдауға шақыру.

-Олар қандай пішіндерден құралған?

-Бұл заттар қалай аталады? Оларға ортақ атау (көліктер) беруге бола ма?

«Үкесын тап» Тәрбиеші балаларға зат көрсетеді, балалар алдындағы геометриялық фигураларды көрсетеді, мысалы: тәрбиеші балаларға кітап көрсетеді.

Балалар алдарындағы геометриялық фигуралар ішінен тік төртбұрышты көрсетеді. Ойынның мақсаты балалардың естерінде геометриялық фигураны қалыптастыру.

Қорытынды:

Содан соң балалардың ойындарда не үйренгендерін сұрау.

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқу қызметінің барысы:

Қорытынды:

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Тіктөртбұрыш, шаршы, сопақша пішіндерді біледі.

Меңгеруі: Заттар мен фигураларды үш белгісі – түсі, пішіні мен көлемін меңгереді.

"Бәйшешек" бөбекжайы

**Вариативтік компонент бойынша
оқу қызметінің жоспары**

**"ЕРТЕГІЛЕР
ЕЛІНДЕ"**

Ортаңғы "Балапан" тобы





Бекітемін
«Бәйшепек» бөбекжайының
менгерушісі:

А.Е.Тургумбекова
2021 жыл

**Вариативтік компонент бойынша
"Ертегілер елінде"
оқу қызметінің перспективалық жоспары**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Көрнекілік-құралдар | Саны |
|---|---|--|--|------------|
| 1 | «Бауырсақ» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | Фланелеграф, конус театры, қуыршақ театры, орамал, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 8.09 |
| 2 | «Бұл бауырсақ - кінжентай ку аң» | Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. | | 1 22.09 |
| 3 | «Шалқан» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | | 1 13.10 |
| 4 | «Шалқан» ертегісін сахналау | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру. | | 1 27.10 |
| 5 | «Қане досым, сөзге қосыл» | Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. | | 1 10.11 |
| 6 | «Үш аюда қонақта» | Тілдерін жаттықтыру. | | 1 24.11 |
| 7 | «Үйшік» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | | 1 18.12 |
| 8 | «Көз көруге тоймайды, құлақ есуге жалықпайды» | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру, ертегіні сахналау. | | 1 29.12 |

| | | | | |
|----|--|---|---|------------|
| 9 | «Гүлкі мен қояндар» ертегісі | Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру. | Сюжетті суреттер, қуыршақ театры, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары | 1 12.01 |
| 10 | «Гүлкі, түлкі, түлкішек» | Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру. | | 1 26.01 |
| 11 | «Қоянның үйшігі» ертегісі | Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. | | 1 9.02 |
| | | | | |
